

Абубакирова Ажар Абугаппаровнаның 6D070100-биотехнология мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін қорғауға ұсынған **«Оңтүстік Қазақстанның өсімдіктері мен тұзқұрамды шикізаттарына негізделген косметологиялық препараттарын өндірудің биотехнологиялық үрдістерін құрастыру»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми қенесшісінің

ПШКІРІ

Абубакирова А.А. диссертациялық жұмысты М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Биотехнология» кафедрасында 2018-2021 жылдар арасында орындаған. Адам Мицкевич Познань Мемлекеттік университетте істейтін жетекшісімен бірігіп ғылыми бағдарламасы, жұмыс жоспары және зерттеу алгоритмы құрастырылған.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының тұзқұрамды және өсімдіктер шикізаттық биотехнологияның бар мүмкіншілігін толық пайдалана отырып косметологиялық өнімдерді алудың тиімді жолдарын қарастыру Қазақстанға маңызды мәселемен байланысты. Абубакирова А.А. алдына қойылған мақсаты-Оңтүстік Қазақстанның өсімдіктері мен тұзқұрамды шикізаттарына негізделген косметологиялық препараттарн өндірудің биотехнологиялық үрдістерін жасау. Жұмыс істеу кезінде ғылыми нәтижелерін Абубакирова А.А. шетелдік және отандық ғылыми конференцияларда баяндаған.

Ғылыми жұмыстарды істеу барысында Абубакирова А.А. өзін жоғары жауапкершілігі, еңбекқор маман ретінде көрсетті. Аналитикалық шолу дайындағанда үлкен көлемде әдебиеттерді өндеген, оның ішінде шет тілінде шыққан басылымдармен де танысқан. Қойылған міндеттерді шешу үшін қазақстандық пен шетелдік заманауи құралдарды пайдаланған. Оның ішінде: растрлы-электронды микроскоп, Фурье инфра-қызыл спектрофотометр, хром-масс-спектрометр, жоғарғы эффективты қабатты хроматограф, т.б.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде, Жақсықылыш кен орны өңірінің тұзды және өсімдік шикізатының физикалық-химиялық және биологиялық қасиеттері зерттелді; дәрілік өсімдіктерге таксономикалық талдау жүргізілді; косметологиялық композицияларға пайдаланылған өсімдіктердің 13 түрінің биохимиялық құрамы зерттелінді; 16 косметологиялық өнімнің прототипі әзірленіп, модельдік және нақты жағдайларда сынақтармен дәйектелді; косметологиялық өнімдер алатын аз қуатты өндірістің технологиялық сызбасы судың қайтымды жүйесінің жетілдірілген биологиялық тазарту әдісін қамтып жасалды. Жұмыстың нәтижесінде 2 қазақстандық патенттер алынды.

Сонымен, Абубакирова А.А. диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалықтар мен практикалық бағалығы жағынан ғылым дамуына үлкен үлес қосады. Диссертациялық жұмысты теория және практика жағынан аяқталған ғылыми зерттеу ретінде қарастыруға болады. PhD-диссертацияларға

қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал Абубакирова А.А. докторлық ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің
«Экология» кафедрасының
б.ғ.д., профессор

А.Ә.Исаева

